

**II. БӨЛІМ. АЙМАҚТАНУ**  
**РАЗДЕЛ II. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ**  
**PART II. REGIONAL STUDIES**

---

**ӘОЖ 327**

**ҒТАМР11.25.40**

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2026.64.2.013>

**ЖАҒАНДЫҚ ТҮРЛАУСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК**  
**ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНА**  
**АРНАЛҒАН КҮН ТӘРТІБІ**

<sup>1</sup>Айтжанова Д.Ә., <sup>\*</sup>Дүйсен Ғ.М.<sup>2</sup>

<sup>1,\*2</sup> Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты,  
Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қазіргі кезеңде, Орталық Азия (ОА) елдері дүниежүзілік қауымдастықтың жетекші ойыншыларымен қатынастарды қалыптастырудың жаңа орамында. Авторлар жаһандық геосаяси сілкінісін есепке ала отырып, ОА елдерінің қауіпсіздігі мен ынтымақтастығын қамсыздандыру мүмкіндіктерін қарастырған. Қолданылған талдау әдістері мен баға беруді көрсете отырып, зерттеудің әдістемелік базасы ұсынылған. Аймақтың географиялық, табиғи-ресурстық және көлік-логистикалық өлшемдегі маңызы атап көрсетілген.

Осы зерттеудің мақсаты – әлемнің әртүрлі аймақтарындағы әскери жанжалдар, аймақтық қауіпсіздік жүйелерінің дағдарысы, халықаралық координаталар жүйесінің өзгермелі архитектурасындағы Орталық Азияның рөлі мен орнын анықтау тәрізді қазіргі реалиялардағы әлемдік көшбасшылардың геосаяси және геэкономикалық стратегияларының ерекшеліктерін айқындау.

Осы еңбектің тұжырымдарына төмендегі қағидалар жатады:

1) Қазіргі реалияларда дүниежүзі ауқымында маңызы бар акторлардың орталық-азиялық өріске деген өз мүдделері бар және соның нәтижесінде, көбіне әрбір жеке алынған ел мен бүкіл кеңістікті дамытатын бағдарламалармен ұштаспайтын, аймаққа қатысты белгілі әрекеттерді жүзеге асыратындығына қатысты маңызды факторды ескеру қажеттілігі;

2) Осыған байланысты, барынша жағымсыз факторлар мен сыртқы әсерлердің салдарына, сондай-ақ, Ресейдің Украинаға қарсы соғысымен шартталған санкциялық саясаттың күшеюі, ұлттық экономикалардың ішкі дамуы, қаржы ресурстарының зәрулігі, институцияландырудың даму дәрежесінің жеткіліксіздігі, ОА елдерінің саяси, экономикалық, әлеуметтік,

экологиялық даму және т.б. көптеген аспектілерінің шешілмеуі тәрізді проблемаларға шалдығуға бейімді.

3) Осындай күрделі жағдайда, ОА елдері стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық құрудың жалғыз заңды және рұқсатты векторы ретінде, халықаралық аренада көпвекторлылық пен прагматизм принциптеріне сүйенген сыртқы саяси бағытын ойластыра жүргізіп, жалғастыру қажет.

Авторлардың пікірінше, жоғарыда айтылғандардың негізінде, геосаяси хаос жағдайындағы дүниежүзілік тәртіптің қазіргі шындығын есепке ала отырып, аталған аумақтық кеңістік субъектілері өз ресурстары мен потенциалдарын ішкі дамуға, өз экономикаларын нығайтуға, ынтымақтастықтың басым міндеттерін шешуге, ең алдымен, кооперацияға – осының барлығын аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру негізінде шоғырландыруы заңды.

**Тірек сөздер:** аймақ, Орталық Азия (ОА), қауіпсіздік, ынтымақтастық, қатерлер мен сын-тегеуріндер, тәсілдер, трансформация

**Қаржыландыру:** Мақала «Қазақстан және Шығыс әлемінің өзгермелі контурлары: тарихи сын-қатерлер мен болашағы» атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Іргелі ғылыми зерттеу (ЖТН №BR31714763) аясында дайындалды.

### **Кіріспе**

Заманауи әлем турбуленттілік пен тұрақсыздықтың түбегейлі теңдессіз кезеңін өткеруде. Жаһандық жанжалдар, екі ұлы держава арасында ықпалды қайта бөлу, трансұлттық қауіптер мен экономикалық сілкіністерден туындаған геосаяси хаос, Орталық Азия (ОА) елдерінің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Аймақтың орналасқан орнын, байлығы мен табиғи қорларының сапасын, елдердің экономикалық даму дәрежесі мен халықтарының этносаяси құрылымының әртүрлілігін ескере отырып, осы жердегі тұрақтылықты қамсыздандыру тек сол мемлекеттер үшін ғана емес, сонымен қатар, аймақаралық және жаһандық қауіпсіздік үшін маңызы зор.

Орталық Азияның жаһандық қауымдастықтағы орны мен рөлі әлі нақты айқындалмағанымен, аймақ қазіргі уақытта белгілі бір өңіраралық және жаһандық үдерістер мен жобаларға қатысуға мәжбүр. Бұл, ең алдымен, жаһандық қоғамдастықтың алдында тұрған нақты уақыттағы сын-қатерлер мен қауіптерге байланысты. Бір жағынан, геосаяси жағдай әлемнің жетекші ойыншылары арасындағы күрес пен бәсекелестіктің күшеюімен қиындаса, екінші жағынан Орталық Азия қоғамдастығының (ОАО) бес субъектісінің алдында ұжымдық қауіпсіздікті және ұлттық экономикалардың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің ішкі мәселелерін шешудің негізгі міндеті тұр. Бұл ең алдымен өзара түсіністікке, өзара көмекке, сенімге, тату көршілікке және т.б. негізделген аймақтық интеграцияға қатысты басқа да мәселелердің тұтас сериясын тудырады. Дәл осы мәселелер аймақтық қауіпсіздік негіздеріне қол жеткізу форматын анықтайды.

Бүгінгі таңда, айтарлықтай табиғи-ресурстық базасы мен орналасуының айрықша географиялық факторы бар Орталық Азия (ОА), дүниежүзілік өрістегі жетекші ойыншылардың саяси және экономикалық эпицентрінде тұр. ОА аймағы ұлттық қауіпсіздік, әрекеттестік пен ынтымақтастықты ойдағыдай қамтамасыз етуіне арналған негізгі факторлары бар [1, 2]:

- осы кеңістіктегі халықтардың үрім-бұтақтарының көп жылдық тарихи байланысы [3, 4];

- саяси, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік-мәдени және т.б. сипаттағы бірлескен шешімнің қажеттілігі;

- саяси (сыртқы және ішкі) және әлеуметтік-экономикалық құрылымдарды реформалау саласындағы ортақ міндеттер [5];

- жалпыаймақтық әлеует пен ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында күш-жігерін біріктіру;

- ОА елдері сыртқы саяси стратегияларын үйлестіру мен түйіндістіру қажеттігі және басқалары.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеудің әдістемелік негізі халықаралық қатынастардағы неореализмге (сыртқы акторлардың ықпалы, тәуекелдер, сын-тегеуріндер, қауіп-қатерлер) және конструктивизмге (дискурс-талдау, тарихи нарративтердің, ортақ құндылықтардың рөлі, ынтымақтастық пен кооперацияның және қауіпсіздікті қамсыздандыру мүмкіндіктері) негізделген. Негізгі зерттеу әдістері: нақты халықаралық акторлар әрекетін сипаттау және талдау әдісі, сараптамалық әдістер және бағалау (сараптамалық баяндамалар, аналитикалық материалдар, анықтамалық мәліметтер), салыстырмалы (компаративистік) және статистикалық талдау әдістері. Пайдаланылған жүйелі тәсіл Орталық Азия аймағын сыртқы әсер/бір елдегі өзгерістер ықпал етеді/ бүкіл аймаққа әсері бар күрделі динамикалық жүйе ретінде көрінуіне жағдай жасады. Сандық және сапалық әдістерді қиыстыру – әлемдегі қазіргі геосаяси жағдайда маңызы зор ОА-дағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың сын-тегеуріндерін кешенді түсінуін қамсыздандырды.

### **Талқылау**

Еларалық процесстердің дамуын ілгерілетуде, аймақ елдердің ішкі саяси ахуалы, ұлттық экономикалардың ерекшеліктері, элиталардың ықтияры, сыртқы факторлардың әсері және басқаларымен шартталған әртүрлі кезенді басынан өткерді. Интеграция процесстерінің тиімсіздігі мыналармен түсіндіріледі:

- экономикалардың даму модельдері мен экономикалық өсім қарқынының әртүрлілігі;

- елдердің экономикалық және саяси жүйелері, ұлттық мүдделері мен сыртқы саяси векторларының дифференциациясы;

- келісімдер мен келісімшарттарды іске асыру механизмдерінің реттелмегендігі, олардың тиімділігінің төмендігі;
- жалпыаймақтық нарық сұлбасы мен архитектурасының болмауы;
- кедендік, несиелік, салық және бюджет саясатын үйлестірудің келісілмегендігі;
- ұлттық шаруашылық заңнамалардың келісілмегендігі, ОА елдері нормативтік-құқықтық базаларының жетілмегендігі;
- және, ең бастысы, өкінішке орай, осы кезде ОА елдері аймақшілік қатынастарды басымшылық ретінде белгілемейді.

Географиялық орналасқан жері, сыртқы саяси басымдықтары, экономикалық даму және ішкі тәуекелдер мен сын-тегеуріндер деңгейін есепке ала отырып, қауіпсіздік пен аймақтық жақындасуды қамсыздандыруда, ОА елдерінің әрқайсысының рөлі айрықша және күні бұрын белгіленген. Сараптамалық бағалау ескеріліп, төмендегі 1-суретте ұсынылған:



Авторлар әзірлеген

1 сурет – ОА аймағы қауіпсіздігін қамсыздандырудағы елдердің рөлі  
Жалпы, ОА елдердің аймақтық ынтымақтастық бөлігіндегі уәждері мен ресурстары мынадай:

- Қазақстан – ҚХР, ЕО, РФ арасындағы көпір; кемелденген дипломатия; белсенді халықаралық күн тәртібі.
- Өзбекстан – 2016 ж. кейін ОА-дағы жаңа бастамалардың көшбасшысы; Ауғанстан және көршілес елдермен байланыстарды белсенділендіру.
- Қырғызстан
- Тәжікстан
- Түркменстан - толық нейтралитет, бірақ, энергетикалық және көлік ынтымақтастығына қызығушылық танытады.

<ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңғырту және қолдауға қажетсіну;</li> <li>- ауқымды интеграциялық жобалар үшін табиғи одақтас</li> </ul>
--

Төменде, заманауи геосаяси хаос пен тұрлаусыздық жағдайындағы ОА елдерінің әрекеттестігі мен ынтымақтастығының архитектурасын қалыптастыруға қажетті негізгі факторларды қарастырамыз:

### 1-кесте – ОА елдерінің әрекеттестігі мен ынтымақтастығының архитектурасын қалыптастыратын негізгі факторлар

Ішкі реформалар: мемлекеттілік пен тұрақтылықты нығайту	Аймақтық ынтымақтастық: бәсекелестіктен синергияға қарай	Сыртқы әріптестік: ОА мүдделері мен сыртқы қоршаудың теңгерімі	Жаңа тәуекелдер мен сын-тегеуріндер және жаңа жауаптар	Жастар саясатының рөлі және азаматтық қоғамды нығайту
<p>1. Саяси реформалар - билік легитимділігін арттыру; - басқару институттарын жаңғырту, жемқорлықпен күрес, шешім қабылдауда азаматтардың қатысуын кеңейту; - заң үстемдігін нығайту; - сот жүйесіне сенімді арттыру; - құқық бұзушылықтар-мен күрес.</p> <p>2. Әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар: - жұмыс орындарын жасау; - жұмыссыздықты азайту (әсіресе, жастар арасында); - білімді дамыту: зайырлық, сыни және инклюзивті ойлауға сүйену</p>	<p>1. Аймақ елдері арасындағы сенімді нығайту: - тұрақты диалогқа арналған платформа жасау (мысалы, СВМДА). - су ресурстары, энергетика, көлік саласындағы бірлескен жобалар.</p> <p>2. Ұжымдық қауіпсіздік: - ақпарат алмасу мен бірлескен үйренулер механизмдерін дамыту; - трансшекаралық қылмыс пен есірткі тасымалдаумен күресті үйлестіру.</p> <p>3. Жаңа көпжақты форматтар: - орталық-азиялық «бестік» С5 халықаралық аренада біртұтас қауымдастық ретінде белсенділендірілуде; - форматтардың маңызы мен рөлін күшейту: ТМҰ, ИЫҰ, ШЫҰ және басқалары.</p>	<p>1. РФ, ҚХР, Түркия, ЕО, АҚШ: - аймақтар ықпал ету үшін бәсекелеседі, бірақ, ОА елдері көпвекторлықты сақтауға ұмтылады; - жаңа тәсілдерге прагматизм және әріптестерді әртараптандыруға акценттелген «ақылды дипломатия» кіреді.</p> <p>2. ҚХР: экономика мен қауіпсіздікке акцент: - БББЖ бастамасы арқылы (инфрақұрылым және цифрлық қауіпсіздік); - киберқауіпсіздік пен мониторинг саласындағы ынтымақтастықты кеңейту.</p> <p>3. АҚШ және ЕО: - азаматтық қоғам, реформалар, экологиялық тұрақтылықты қолдау; - жасыл энергетика мен білім беру бойынша жаңа бағдарламалар</p>	<p>1. Киберқауіпсіздік - ОА киберқауіптерге тап болып отыр, әсіресе, трансұлттық акторлар тарапынан: - киберқауіпсіздік бойынша ұлттық стратегиялар әзірлеу; - CERT-орталықтар құру, халықтың сауаттылығы.</p> <p>2. Радикалдану және лаңкестік - Таяу Шығыстағы жағдайдың нашарлауы; - дерадикалдау және әлеуметтік интеграция бойынша жұмыстағы жаңа тәсілдер.</p> <p>3. Климат және қауіпсіздік: - қуаңшылық пен суға зәрулік қаупі; - шөлейттену; - жанжалдардың жаңа себептері. - экологиялық альянстар; - ұтымды су пайдалану және энергиямен қамтамасыз ету бойынша проблемаларды шешу</p>	<p>1. ОА елдері жастар саясатына жаңа тәсілдер әзірлеу: - шешімдер қабылдау және елдердегі дамыту саясатын қалыптастыруға жастарды тартуды арттыру; - жастар саясаты саласындағы шет елдердің тәжірибесін зерделеу, мысалы, ҚХР, Жапония, Оңтүстік Азия және басқалары; - ОА елдерінің тәжірибесіне жастар саясатының алдыңғы қатарлы әдістерін импорттау; - жергілікті жастар бастамасын нығайту; - жастар топтары; - қоғамдық бақылау; - билік-қоғам-жастар форматындағы диалог.</p>

*Авторлар әзірлеген*

1-сурет пен 2-кестенің деректерін негізге алып, біз ОА аймағын қауіпсіздікпен қамсыздандыру матрицасын жасадық:

2-кесте – ОА елдері қауіпсіздігінің матрицасы

ОА елдері қауіпсіздігі					
ОА ұжымдық қауіпсіздігі жүйесіндегі елдің ролі	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Тәжікстан	Түркменстан
Қауіпсіздікке қосқан үлесі	- дипломатиялық платформа: Бейбіт бастамаларды белсенді жылжытып, келіссөздерге қатысады: Сирия бойынша, Астана процесі; - ядролық қарусыздандыру: Ядролық қауіпсіздік идеясын ілгерілетудегі көшбасшылардың бірі; - тұрақты эко-номика: көршілеріне көмек көрсетеді, ресурстарымен бөліседі; - белсенді әскери кооперация: - ҰҚШҰ мүшесі, бірлескен үйренулер өткізеді	- аймақтық бірліктің бастамашысы; - «орталық-азиялық бестік» идеясын белсенді ілгерілетеді; - ядросыздық мәртебесі: ОА-ны ядролық қарусыз аймақ ретіндегі идеяны белсенді қолдайды; - лаңкестікке қарсы күрес кооперациясы: - көршілерімен экстремизм және есірткі тасымалдаумен күресте ынтымақтасады; - ақпараттық, шекаралық қауіпсіздікті дамытады	- ұжымдық қорғаныста белсенді - ҰҚШҰ мүшесі, үйренулер мен операцияларға қатысады; - азаматтық қоғамды дамытады; - ОА-дағы өз алдына «демократия зертханасы»; - миграциялық қауіпсіздікте рөл атқарады - еңбек мигранттары елі	- Шекаралар-дың қауіпсіздігі мен лаңкестікке қарсы күреске сүйену  - Ауғанстан-мен шекараны қорғауда түйінді ойыншы (есірткі тасымалдау және экстремизм-мен күрес майданы); - РФ және ҰҚШҰ-мен тығыз ынтымақтасады; - ОА энергетикалық қауіпсіздігі үшін маңызды гидроэнергетика саласындағы потенциалын дамытуда	нейтралитет және энергетикалық қауіпсіздік  - тұрақты нейтралитет мәртебесін қолдайды (БҰҰ мойындаған); - әскери одақтарға қатыспайды, бірақ, газ жеткізу арқылы энергетикалық тұрақтылықты ілгері жылжытуда; - шекаралық әрекеттестікті қолдайды, әсіресе, Ауғанстанға жақын жерде
Ерекшеліктері	- РФ стратегиялық одақтасы, бірақ, сонымен қатар, ҚХР, АҚШ, ЕО, Түркиямен қатынастарын дамытуда; - сыртқы ойыншылар мен ОА арасында делдал ролін атқарады	- салмақты ішкі саясат: РФ, ҚХР, Түркия, АҚШ-мен теңдестірілген қарым-қатынас; - халқы ең тығыз орналасқан ел; - ОА демографиялық тұрақтылығында маңызды рөл атқарады	- ішкі тұрақсыздыққа ұрымтал; - ашық саяси диалог мысалы бола алады; - ҚХР, РФ байланыстары жақсы; - халықаралық БҰҰ-мен белсенді ынтымақтастық	- күрделі ішкі ахуал (кедейлік, миграцияның жоғары деңгейі); - ОА және тұрақсыздық-тың онтүстік белдеуі арасындағы буфер ретінде стратегиялық маңызы бар	- ұжымдық форматтарға тартылуы әлсіз, бірақ, маңызды ресурстық ойыншы болып қала береді; - Азия мен Еуропа арасындағы энергетикалық транзитте түйінді рөл атқаруы мүмкін

Авторлар әзірлеген

Қазіргі геосаяси тұрақсыздық пен өзгерістер, жаһандық альянстар мен сын-тегеуріндер жағдайында, ішкі және сыртқы ауқымдағы: елдер экономикасы, елдердің/елдің сыртқы саясаты, жаһандық алғышарттар (әскери жанжалдар, киберқауіптер, эпидемиялар, климаттың өзгеру және т.б.) тәрізді факторлардың кең спектрі әсер ететін қауіпсіздік көп қырлы және динамикалық өзгермелі процесс болып көрінеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, ішіне жүргізілетін ішкі реформалар, аймақтық ынтымақтастық, сондай-ақ, сыртқы ортаның саясаты мен ойыншыларының әрекеттері кіретін, кешенді стратегияларға негізделуі қажет болатын аймақтың қауіпсіздігін қамсыздандыруға жаңа тәсілдер қажет.

Аймақ периметрі бойындағы геосаяси жағдай тұрақсыз және кернеулі болып сипатталады. Тарих бойы және қазіргі заманға дейін, Орталық Азия аумағы ҚХР, РФ, АҚШ, Түркия, ЕО тәрізді ірі державалар мен одақтардың айқаспалы мүдделер аймағы болып отыр. Төменде, ақпараттық ресурстарды дискурс- және контент-талдауды пайдаланып, сараптама-аналитикалық бағалауды ескере отырып, қазіргі геосаяси өзгерістер режиміндегі әртүрлі дүниежүзілік ойыншылар мен ОА-ға қатысты АҚШ жалпы позициясы мен саясаты ұсынылған. Сарапшылар берген баға бойынша, АҚШ өзінің ішкі проблемаларын шешу қажеттілігі салдарынан, ОА аймағындағы өз ықпалын күшейте алмайды; АҚШ үкіметі бұрынғы әкімшіліктің қаржылай міндеттемелеріне қатысты проблемаларын шешумен айналысуда; қазіргі уақытта, АҚШ-ның ОА-ға ықпал етуге арналған нақты доктринасы/ ұлттық қауіпсіздік доктринасы жоқ және т.б. Осылардың барлығы мен басқалары, Батыс (АҚШ, ЕО) және Шығыс (РФ, ҚХР) арасындағы үдемелі конфронтация жағдайында болып жатыр.

Халықаралық қауіпсіздіктің бұрынғы жүйелерінің әлсіреуі және Шығыс пен Батыс арасындағы қарсыластықтың тереңдеуі, РФ-ның Украинадағы бес жыл бойғы соғысы, Таяу Шығыстағы соғыстар және т.б. фонында, ОА елдері бірқатар сын-тегеуріндер, қауіптер мен тәуекелдерге тап болды:

- ОА ресурстары мен ықпал үшін дүниежүзілік державалар арасындағы бәсекелестіктің өсімі;
- лаңкестік пен басқа да бақылауға көнбейтін операциялар (ең алдымен, Ауғанстанға жақындығы салдарынан) қаупі;
- дәстүрлі сауда-логистикалық тізбектер мен жүйелердің бұзылуы;
- биоқауіптер, эпидемиялардың ықтималдығы, азық-түлік қауіпсіздігі жүйесіндегі бұзылымдар;
- ақпараттық ресурстар арқылы ішкі істерге киберқауіптер мен қол сұғу;
- шешілмеген және шешілмейтін экологиялық проблемалар;
- елдерде де, тұтас аймақта да экономикалық және әлеуметтік шиеленісушілікті үдетуші климаттық проблемалар және басқалары.

Ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қамсыздандыру 3-кестеде белгіленген төмендегі ішкі сын-тегеуріндермен қиындатылады:

### 3-кесте – ОА қауіпсіздігін қамсыздандырудағы ішкі сын-тегеуріндер

Саяси осалдық	- саяси институттардың жетілмегендігі; - бақылау механизмдерінің осалдығы; - жемқорлық, бюрократия; - әлеуметтік теңсіздік фонындағы ішкі наразылықтар қауіп
Әскери қауіптер	- шекаралардың ықтимал тұрақсыздығы; - әскери жанжалдар мен қақтығыстарға тарту ықтималдығы, атап айтқанда, РФ-ның Украинаға қарсы соғысына; - РФ соғысы салдарынан санкциялық қарсыластыққа қатысу
Экономикалық тәуелділік	-экспортқа бағдарланған экономика; - сыртқы сауда мен еңбек миграциясына қатты тәуелділік; - жаһандық экономикалық дағдарыстар алдында осалдық
Энергетикалық қауіпсіздік	- энергия ресурстарының экспорттау жолдарын әртараптандыру қажеттігі; - энергетикалық жобалар геосаяси қысым жасау аспабы ретінде

*Авторлар әзірлеген*

ОА елдерінің сыртқы саясат стратегияларында ортақ принциптерді ерекшелуге болады:

- *көпвекторлылық* (Өзбекстанда – көпдеңгейлілік) – ҚХР, АҚШ, ЕО, Түркия, ТМҰ, РФ, Таяу Шығыс елдері, ИЫҰ тәрізді әртүрлі күш орталықтарымен қатынастарды дамытуға ұмтылыс. Сонымен, қазіргі уақытта Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары аймақтық және көпжақты ынтымақтастыққа бағдарланған [6]. Бұған қоса, екіжақты тұрғысында, көрші елдер, АҚШ, ЕО-ның орны ерекше.

- ҚР үшін Азия континентінде ШЫҰ, ИЫҰ, ТМҰ және басқаларымен жұмысқа қатысуға акценттелген, АСЕАН, Араб мемлекеттері Лигасы және басқа халықаралық ұйымдармен байланыстарды кеңейту (Қазақстан оларға қатыспайды) [7].

- *егемендік және араласпаушылық* – ұлттық мүдделерді қорғауға бағдарлану және жанжалдарға қатысудан бас тарту. Қазақстанның сыртқы саясатының стратегиясы көпвекторлылық пен прагматизмге негізделген, ал, ол дүниежүзілік/аймақтық ауқымдағы қайшылықтар мен жанжалдарға қатысты қашықтық пен нейтралитетті шарттайды, сонымен қатар, ел мүдделерін ескере отырып, ең алдымен, көрші елдермен, сондай-ақ, басқа мемлекеттер және халықаралық институттармен тең құқықты және сындарлы қатынастар құру. ОА басқа елдерінің позициясы да осыған ұқсас. Тек Түркменстан ғана барлық халықаралық институттар мен процестерге қатысты абсолютті нейтралитетті ұстанады.

- *тұрақты дамуға бағдар* – инвестициялар, сауда-экономикалық ынтымақтастық пен технологияларға мүдделілік. Бұл жағынан, біздің ойымызша, Бірлескен стратегиялық жол картасына айрықша көңіл бөлінуі тиіс (қазан, 2023 ж.) [8,9]. Онда ОА мен сырт акторлар арасындағы экономикалық даму мен практикалық әрекеттестікке арналған басым векторлар ерекшеленген, мысалы, ЕО-ның энергетика, шикізат өндіру мен қайта өңдеу, шекараларды нығайту мен қауіпсіздікті қамтамасыздандыратын іс-шараларды арттыру.

Орталық Азия мемлекеттері тіршілігінің негізі ретіндегі қауіпсіздікті қамсыздандыру үшін, әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы ішкі реформалар мен негізделіп, ойластырылған, сырт ойыншылар мен халықаралық институттарды тартатын (табыстау туралы да атап өткенбіз), ақылға салынған салмақты сыртқы саясатты үйлестіретін кешенді құрылымдалған тәсіл (ол туралы алдыңғы еңбектерде жазғанбыз) қажет.

Созылмалы жаһандық геосаяси хаос жағдайында, аймақ елдері жабыла әрекет етіп, аймақтық бірлікті нығайтуы, тұрақты экономикалық және саяси институттарды дамытуы, сондай-ақ, жаңа сын-тегеуріндерге тиімді бейімделуі қажет. Әлемнің ең осал, сонымен қатар, стратегиялық маңызы бар аймақтардың біріндегі тұрақтылық пен егемендікті тек қана осылай сақтауға болады. Географиялық фактор Дүниежүзілік арал және Heartland ретінде ОА пайдасына орасан зор артықшылық береді [10]. Х. Дж. Маккиндер айтқандай, дүниежүзілік бақылаудың жартысы heart-land-ты бақылайтындарға тиесілі.

Жаңа геосаяси ахуалда ОА үшін РФ мен ҚХР Батыстың саяси құндылықтарын ұстанбай-ақ, аймақтағы саяси режимдердің сақталуына белгілі дәрежеде кепіл берді. Бірнеше жыл ішінде, ОА үшін онша шығынды емес, ОА айналасында жасалған қауіпсіздік құрылымы, РФ (ҰҚШҰ) және ҚХР (ШЫҰ) ресімдеген мәжбүрлі аймақтық қауіпсіздік режимін шарттады, осылайша, халықаралық сарапшылардың пікірінше, ОА арналған қауіпсіздік доғасын жасады.

Тұтас алғанда, жаһандық және ОА аймақтық қауіпсіздіктің дамуындағы ең қиын кезең деп 2019-2022 жылдарды атауға болады. Соңғы жылдардағы оқиғалар (2021 ж. Ауғанстанда билік басына талибтердің келуі, 2022 ж. ҚР қаңтар оқиғасы, 2022 ж. Өзбекстандағы қимылдар, 2022 ж. 24 ақпандағы РФ-ның Украинамен соғысының басталуы), ішкі аймақтық аспектілер мен ОА елдері сыртқы ойыншылармен сыртқы саясаты мәселелерін қозғап, ОА қауіпсіздік ахуалын түбегейлі өзгертті:

- 2021 ж. ауған оқиғалары мен билікке келген талибтер үкіметі, ОА қоса алғанда, сыртқы саяси ынтымақтастығына ықпал етті. Өзбекстан талибтермен ынтымақтасып, Ауғанстанды ОА бөлігі ретінде қарастырады. Түркменстан талибтермен қатынастарын ресми түрде қолдайды. Тәжікстан ауған қашқындарының енуіне елендейді, бұл онша заңды емес [32]. ОА үшін басқа қауіп-қатер – есірткі тасымалдау, лаңкестік, экстремизм және басқалары.

- 2022 ж. қаңтардағы ҚР-ғы оқиғалар. Қаңтардың 6-нан 15-не дейін ТЖ режимі енгізілді, ҚР аумағында ҰҚШҰ бөлімдері болды, бұл ретте: кейбір сарапшылар ҰҚШҰ қаңтар оқиғаларына қатысуы минималды болды деп атап өтеді; кей белсенділер ҚР осы жағдаймен ішкі ресурстарын қолдана отырып, жеңіп шығуы тиіс (202 ж. Қарақалпақстан тәрзіді, ҰҚШҰ-ның қатысуынсыз) деп есептеді, бұл ҰҚШҰ тиянақсыз пайдаланылуын куәландырады [11,12].

- 2022 ж. РФ Украинадағы әскери операциясы. РФ Украинаға қарсы соғысы жалпы әлемдік саяси ландшафтыны түбегейлі өзгертіп, барлық халықаралық институттар, келісімшарттар, келісімдер, меморандумдар күмән тудырып, бүкіл әлемде болып көрмеген өзгерістерді шақырды [13,14], халықаралық дәрежедегі мамандар атап өткендей, күш құқығы – құқық күшіне принципі әрекет еткен жағдайда, әлем енді ешқашан бұрынғыдай болмайды. Жаһандық тұрақсыздық пен шиеленісушілік жағдайында, дүниежүзілік және аймақтық саясаттың барлық қатысушылары алдында қауіпсіздікті қамсыздандыру мен ұлттық экономикаларды құруға арналған жаңа стратегиялар мен тактикаларды әзірлеу проблемалары тұр.

ОА елдері РФ-мен қатынаста саясатты абайлап жүргізуіне тура келіп отыр. Көптеген орталық-азиялық және халықаралық сарапшылар ОА-ның РФ-нан қашықтауын заңды деп санайды [15,16]. Инфляция мен баға [17], сыртқы борыш өсімі, азық-түлік қауіпсіздігі [18] мәселелері: 4 жылға дерлік созылған соғыс, санкциялардың ОА елдері экономикасына тигізген салдары, РФ көптеген субъектілерінің өз штаттық құрамымен қаржы технологиялары, АКТ саласына аууы [19], мобилизациялаудан жалтарған РФ азаматтарының ағылуы, РФ аумағы арқылы өтетін ОА аймағына арналған негізгі логистикалық жолдардың қиындауы мен мүмкінсіздігі және басқаларының салдары – аймақ халқы үшін аса маңызды да күрделі болып табылады. Орталық-азиялық саясаттанушылардың сараптамалық аналитикасы мен бағалауларына сәйкес, осы және басқа да факторларды, әсіресе, ресейлік БАҚ пен мемлекеттік органдар тарапынан жалған ақпарат, көпдеңгейлі насихат легі көлемінің өсімін ескерсек, ОА елдері мен РФ қатынастары қиындай түсуде.

### **Нәтижелер**

Ішкі саяси тұрақсыздық пен шектеулі экономикалық қауіпсіздік ОА үшін қосымша сын-тегеуріндер тудырады. ҚР Президенті Қ. Тоқаев білдірген РФ Украинаға кең масштабты басып кіруі мен жаңа квазитүзілімдерді мойындамауға қатысты Қазақстанның позициясына ОА елдері оңды баға беруде. Алайда, Путин жариялаған мобилизация нәтижесінде Ресей босқындарын қабылдаушы ОА елдері, сарапшылар атап өткендей, санкциялардан, РФ Украинадағы әскери әрекеттерімен байлануынан қауіптенеді, оған қоса, соғыс жалғасуда, ал, аймақтағы экономикалық және әлеуметтік өмір жағдайы нашарлауда, азық-түлікпен қамсыздандыру және жалпы қауіпсіздікті сақтау мәселелері шиеленісуде.

Баяндалғандардан келіп, қалыптасқан жағдайда, ОА елдері қауіпсіздігін қамсыздандыратын тәсілдердің трансформациясы қажет, ол төмендегі векторлар бойынша жүзеге асырылуы тиіс (4-кесте):

#### 4-кесте – ОА аймағына қауіпсіздікті қамтамасыздандыратын тәсілдердің трансформациясы

<b>ОА елдері қауіпсіздігін қамтамасыздандыратын тәсілдер трансформациясының негізгі векторлары</b>				
Аймақтық ынтымақтастықты нығайту	Ішкі институттарды институцияландыру және нығайту	Азаматтық қоғамды дамыту	Көпденгейлі дипломатия	Цифрлық және киберқауіпсіздік
<b><i>Біртұтас аумақтық кеңістік елдерінің өзара тиімді ынтымақтастығы мен ұзақ мерзімді әріптестігінің бірлескен аймақтық стратегиясын қалыптастыру</i></b>				
1. Аймақтық дамудың барлық салаларында экономикалық саясатты жетілдіру	1. Ұлттық органдардан жоғары тұрған органның қызметі бар ұдайы әрекеттегі интеграциялық құрылымдарды дамыту.	1. Азаматтық сипаттағы шешімдерді қабылдау процестеріне халықты тарту.	1. Сыртқы саясаттардың көпвекторлы-лығын сақтау және күшейту	1. Аймақ елдерінде қорғалған және инновациялық ИТ-инфрақұрылымын жасау
1. Сыртқы саяси көпжақты әрекеттестік пен ынтымақтастық бойынша жол картасын жасау.	2. Сыртқы саяси мәселелер бойынша үйлестіру мен түйінділік дәрежесін арттыру	2. Жастар саясатын жетілдіру (ОА жастардың жоғары үлесін ≈ 40% ескере отырып)	2. Әлемнің жетекші ойыншыла-рымен дұрыс қатынастар құру	2. Аймақтың барлық топтары мен барлық жастағы халқының медиасуаттылық дәрежесін көтеру
3. ОА елдері ұдайы әрекеттегі үйлестіру органын құру.	3. Жемқорлық, көлеңкелі экономика, бюрократиямен күрес	3. Мәдениет, спорт, өнер және басқа салаларда гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту.	3. Аймақ ішінде барлық дәреже мен салаларда дипломатиялық байланыстарды нығайту (саясат, экономика, білім мен ғылым және т.б.)	3. ОА елдеріндегі киберқауіптер-мен күрес және оларға қарсы тұруда күштерді үйлестіру мен түйінділігі
4. Елдер интеграциясы негізі ретіндегі өндіріс кооперациясы саласындағы экономикалық дамудың басым салаларын айқындау	4. Елдердің құқық қорғау органдары, сот-атқарушы жүйелерін реформалау, азаматтық құқықтарды қорғау және басқалары.	4. Білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту (студенттер алмасу, тағылымдамалар, ПОҚ біліктілігін арттыру және басқалары)	4. Жоғары дәрежедегі екіжақты және көпжақты жүйелі кездесулер	4. Мемлекет-қоғам жүйесін технологиялық жаңғырту принциптерін дамыту
5. Жалпайы-мақтық ішкі нарық пен өзара инвестицияларды дамыту	5. Экстремизм, есірткі саудасымен күресте күш-жігерді үйлестіру	5. Ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту	5. Халық дипломатиясын қолдау және ынталандыру: бизнес-форумдар, ғылыми алмасулар және т.б.	5. Мемлекеттер киберқауіпсіздігі мен цифрлық егемендігі проблемалары мен мәселелерін шешу.
6. Су және энергетика ресурстарын бірлесіп пайдалану.	6. ОА елдерінің қарулы күштері мен армияларының соғысқа жарамдылығын нығайту және күшейту	6. Геосаяси тұрақсыз аймақтарды айналып өтетін жаңа сауда маршруттарын қолдау	6. Экологиялық қауіпсіздікті қамсыздандыру бойынша бірлескен әрекеттер (Арал проблемасы, климаттың өзгеруі, ауаның ластануы және басқалары)	6. Аймақ дәрежесіндегі цифрлық дипломатияның ресурстық базасы мен потенциалын арттыру

## Жаһандық тұрлаусыздық жағдайындағы қауіпсіздік пен ...

7. Аймақтық диалог форматын сыртқы акторлардың қатысуынсыз, басқаша айтқанда, 5С шеңберінде жетілдіру.	7. Басқарушы органдар мен ведомстволар қызметінің ашықтығы мен есеп беруге міндеттілігін арттыру	7. Халықтың білім дәрежесін, ақпараттық қауіпсіздігі мен медиасауаттылық дәрежесін арттыру	7. Түйінді халықаралық мәселелер бойынша тұтастықты тұжырымдау (Ауғанстан, санкциялар, жаһандық бастамалар және басқалар)	7. Цифрландыру мен АКТ саласындағы қауіпсіздік жүйесін жасау арқылы жалған ақпаратқа қарсы тұру
8. ОА елдерінің ТМҰ, ИЫҰ және басқаларымен ынтымақтастығы шеңберінде түркі бағытындағы елдердің рөлін күшейту.	8. Шекаралар мен аумақтық тұтастықты қамсыздандыру бойынша елдерді үйлестіру	8. Миграциялық ағындар мен еңбек миграциясын реттеу	8. Ауғанстанға қатысты бірлескен саясат жасау	8. Аймақтық дәрежедегі елдердің цифрлық саясаттарының біртұтастығы

*Авторлар әзірлеген*

Сонымен, Орталық Азия (ОА) – бірталай геостратегиялық және экономикалық потенциалдары бар бірегей аймақ. Жаһандық тұрақсыздық, трансұлттық сын-тегеуріндер мен дүниежүзілік державалар арасындағы бәсекелестік жағдайында, ОА елдеріне арналған тиімді сыртқы саяси әрекеттестікті қалыптастыру мәселесінің маңызы зор.

ОА елдерінің сыртқы саяси әрекеттестігінің ағымдағы жағдайын талдауды ескере отырып, ОА елдері қауіпсіздігін, жақындасуы мен ынтымақтастығын қамсыздандырудағы негізгі сын-тегеуріндер мен қауіптер айқындалды (5-кесте):

### 5-кесте – ОА елдері әрекеттестігінің негізгі проблемалары

ОА елдері сыртқы саясаты саласындағы сын-тегеуріндер мен тәуекелдер			
Ішкі бөлшектену және бәсекелестік	Институцияландыру проблемалары	Сыртқы ойыншылардың араласуы	Трансұлттық қауіптер
Тарихи қайшылықтар, шекара маңындағы шиеленістер, аумақтық даулар	Ұлттық органдардан жоғары қызметі бар тұрақты интеграциялық институттардың болмауы	Аймақта ықпал ету мақсатындағы РФ мен ҚХР бәсекелестігі	Лаңкестік, радикалдану, есірткі саудасы
Әртүрлі саяси режимдер және экономикалық даму дәрежелері	Сыртқы саясат мәселелері бойынша үйлестірудің төмен дәрежесі	ОА даму жолы мен әріптестерін өз бетінше таңдауы қажет	Ауғанстанның жақындығы факторы
Аймақтағы көшбасшылық үшін күрес, әсіресе, ҚР мен ӨзР арасында	Елдер арасындағы сенім дәрежесінің төмендігі	ОА ынтымақтастық аумағы болуы тиіс	Миграция және еңбек мигранттары

*Авторлар әзірлеген*

### **Қорытынды.**

Біз жоғарыда көрсетілген проблемалар аймақтық форматтағы қауіпсіздікті қамсыздандыратын тәсілдерді трансформациялау және онан соң, орталық-азиялық кеңістік елдерінің экономикалық ынтымақтастығы мен әрекеттестігінің контурын құруда деп ойлаймыз.

ОА елдері сыртқы саяси беталысының негізгі векторларына төмендегілерді жатқызуға болады:

- көпвекторлылық –ҚХР, ЕО, АҚШ, Түркия, Таяу Шығыс елдері, РФ тәрізді әртүрлі күш центрлерімен қарым-қатынас өрбіту;

- ұлттық мүдделерді қорғау және әсіресе, әскери жанжалдарға қатысудан бас тартуды акценттейтін егемендік пен араласпаушылық;

- баянды тұрақты дамуға (инвестициялық, сауда-экономикалық ынтымақтастық, экологиялық, инновациялық-технологиялық, ақпараттық-цифрлық және басқалары) ерекше көңіл аудару.

Аталған векторлар ОА елдерінің жақындасу контурларын қалыптастыруы, сондай-ақ, нақты жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру кезінде, олардың ресурстары мен күш-жігерін біріктіруі тиіс:

- аймақтың ішкі нарықты дамыту;

- инвестициялық ынтымақтастық;

- геосаяси тұрақсыз аймақтарды айналып өтетін жаңа логистикалық жол айырықтары мен жобаларды жасау;

- су ресурстарын бірлесіп пайдалану;

- энергиямен қамтамасыз етудің аймақтық проблемаларын шешу және басқалары.

Осы және басқа да мәселелер ОА елдерінің сыртқы саяси әрекеттестігі мен экономикалық ынтымақтастығы бойынша аймақтық Жол картасын қалыптастыруға жағдай жасайтын ОА елдерінің ортақ күн тәртібіне енгізілуі тиіс.

ОА елдерінің ынтымақтастығы мен жемісті әрекеттестігін дамыту үшін халықтар мен елдердің басын қосатын, идеология негізіндегі тұжырымдама қажет. Көпжақты аймақтық әріптестікті, нәтижелі диалогты дамыту мен ОА халықтарын жақындатудың негізі – олардың тарихи нарративі, ортақ бірлесіп өткен тарихи жолы, ортақ ділі, дүниені қабылдау және дүниетанымдары, өмір құндылықтарының ұқсас өлшеуіштері мен белгілі саяси императивтері.

Осы соңғы аталғандар, әлемді жайластырудың (нақтырақ, әлемдік хаос) заманауи қатқыл жағдайында, жаһандық және аймақтық тәуекелдер мен сын-тегеуріндерден қорғау жүйесін құру қажеттігіне мәжбүрлейді. Мемлекеттің шынайы қауіпсіздігінің архитектурасы берік экономикалық іргетасқа қалануы мүмкін. Басқаша айтқанда, күшті, орнықты, тұрақты жұмыс істейтін экожүйелер болмай, қауіптерден қорғайтын механизмдерді әзірлеу мүмкіндіктері туралы айту мүмкін емес. Осы жерде, жаһандық қауіптер мен тәуекелдерге қатысты түйінді халықаралық мәселелер бойынша бірлік негізінде аймақтағы барлық елдердің әрекеттестігі маңызды. Сөз аймақ елдерінің бірігуі мен кооперациясы, ең алдымен, өнеркәсіп, бизнес, аграрлық сектор және басқалары туралы болып отыр. Бірлескен жұмыс ОА елдерінің ішкі даму логикасын әзірлеп, құру және ағымдағы (тактикалық) міндеттерді шешуге шоғырлау ісінде маңызы зор.

Қазір, жаһандық оқиғаларды бағалап, аймақтық (экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және т.б.) проблемаларды бірлесіп еларалық шешу

үшін ең қолайлы уақыт деп ойлаймыз. Бұл белгілі дәрежеде изоляционизм саясатына ұқсайды, бірақ, жүйелі тәсіл тұрғысынан, экономика жағынан нығаю, жалпаймақтық қауіпсіздік құрылымын құру, дүниежүзілік қауымдастықтың мықты, тең болатын ойыншысын жасау заңды және аймақ елдеріне қажет.

Сонымен, ОА елдерінің тұрақтығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі буын ретіндегі сыртқы саяси ынтымақтастық, сыртқы күштерді белсенді тартпай және өз жұмыстарын сырт акторларға тапсырмай, экономикалық дамудың барлық саласында әрекеттестіктің жалпаймақтық (жаңартылған) стратегиясын, институттарды дамыту және теңдестірілген саясатты қалыптастыру қажеттігін шарттайды. Бұл тұтас аймақ ретінде де, жекелеген әрбір ел ретінде де, сырт/жат геосаяси мүдделер, процестер мен жоспарлар объектінен (объектілерден), халықаралық координаталар жүйесіндегі дербес, тәуелсіз және толыққанды субъектіге ойдағыдай трансформацияланудың маңызды алғышарттарының бірі.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Казахстан вступил в новый этап модернизации. Касым-Жомарт Токаев дал большое интервью газете “Turkistan” // 6 января 2026 г. - 1-4 бб.

[2] Фредерик Старр дал оценку интеграционным процессам в Центральной Азии // <https://casp-geo.ru/frederik-starr-dal-otsenku-integratsionnym-protsessam-v-tsentralnoj-azii/>

[3] Лаумулин М.Т. Центральная Азия в эпоху трансформации / Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2020. - 464 б.

[4] Добаев И.П. Центральная Азия в перекрестье геополитических напряжений // Россия и мусульманский мир. - № 4 (330). – 2023. – 37- 49 бб.

[5] Маринин С. Многогранность проблем безопасности в Центральной Азии: прогноз на 2023 год // <https://cabar.asia/ru/mnogogrannost-problem-bezopasnosti-v-tsentralnoj-azii-prognoz-na-2023-god/> / 31.01.2023.

[6] Прочный мир должен основываться на конкретных действиях. Президент Касым-Жомарт Токаев выступил на инаугурационном заседании Совета мира // Казахстанская правда, 20 февраля 2026 г. - С. 1.

[7] Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2020-2030 годы. Утверждена Указом Президента РК 6 марта 2020 г.

[8] [https://data.consilium.europa.eu/doc/document/ST-14587-2023-INIT/en/pdf?utm\\_source=dsms-auto&utm\\_medium=email&utm\\_campaign=Joint+Communication%20of+the+19th+European+Union+Central+Asia+Ministerial+Meeting%20on+23+October+2023%20in+Luxembourg](https://data.consilium.europa.eu/doc/document/ST-14587-2023-INIT/en/pdf?utm_source=dsms-auto&utm_medium=email&utm_campaign=Joint+Communication%20of+the+19th+European+Union+Central+Asia+Ministerial+Meeting%20on+23+October+2023%20in+Luxembourg)

[9] <https://www.cipe.org/b51-final-communicue/> B5+1; [https://www.cipe.org/wp-content/uploads/2024/03/B51-Forum\\_Final-Communique\\_2024\\_RU.pdf](https://www.cipe.org/wp-content/uploads/2024/03/B51-Forum_Final-Communique_2024_RU.pdf) // Итоговое коммюнике Форум «B 5 + 1»: Бизнес-партнерство - процветание в Центрально-Азиатском регионе Алматы, Республика Казахстан. – 2024. – 6 с.

[10] Маккиндер Х. Дж. Географическая ось истории / Х. Дж. Маккиндер // Географический журнал. - 1904. - Том 23, № 4. - 421-437 бб. – URL: <https://pdfslide.net/documents/mackinder-geographical-pivot-of-history.html?page=1> (дата обращения: 17.09.2024)

[11] Как протесты в Казахстане переросли в трагедию. Кровавый январь в Алматы глазами очевидцев // <https://www.bbc.com/russian/topics/c6x9gz0xw5qt> // <https://www.bbc.com/russian/features-60070252>

[12] «Главный бенефициар - Путин»: говорим с политологом о событиях в Казахстане // <https://www.bbc.com/russian/features-59972256>

[13] Д. Симеонидис. Региональная парадипломатия в Центральной Азии: новые возможности? // <https://cabar.asia/ru/regionalnaya-paradiplomatiya-v-tsentralnoj-azii-novye-vozmozhnosti/> / 24.04.2023

[14] Ричард Помфрет на платформе East Asia Forum; <https://acaes.us/asia-economics-blog/blogger/rpomfret/> / Connecting Eurasian Supply Chains: The Impact of Covid-19 and the Russia-Ukraine War on the EU-China Rail Landbridge. 02 December 2022. Richard Pomfret. ResearchCentral Asia

[15] «Дистанцирование от России усилится». Что ждет Центральную Азию в 2024 году? // <https://rus.azattyk.org/a/kazakhstan-media-review-what-awaits-central-asia/32753485.html> 30 декабря 2023 Казахская служба РСЕ/РС

[16] Как война в Украине влияет на Центральную Азию? Интервью с Раффаэлло Пантуччи / <https://cabar.asia/ru/kak-vojna-v-ukraine-vliyaet-na-tsentralnuyu-aziyu-intervyu-s-raffaello-pantuchchi/> / 15.04.2022

[17] Как конфликт России и Украины привел к росту продовольственных цен // Zerno.ru. – 2023. –URL: <https://zerno.ru/node/18878> (дата обращения: 11.02.2023)

[18] Полунина Н.Ю., Попова Е.А., Зайцева Е.А. Взаимосвязи между военным конфликтом и продовольственной безопасностью // Экономические и социальные проблемы России. - 2023. - № 2. - 15-30 бб.

[19] Таиров Р. Число компаний в Казахстане с российским капиталом выросло за год на 70% // <https://www.forbes.ru/biznes/495329-cislo-kompanij-v-kazahstane-s-rossijskim-kapitalom-vyroslo-za-god-na-70><https://www.forbes.ru/biznes/495329-cislo-kompanij-v-kazahstane-s-rossijskim-kapitalom-vyroslo-za-god-na-70> // 27/08/2023

## REFERENCES

[1] Kazakhstan vstupil v novyj jetap modernizacii. Kasym-Zhomart Tokaev dal bol'shoe interv'ju gazete "Turkistan" [Kazakhstan has entered a new stage of modernization.] // January 6, 2026 – P. 1-4.

[2] Frederik Starr dal ocenku integracionnym processam v Central'noj Azii [Frederick Starr assessed the integration processes in Central Asia] // <https://casp-geo.ru/frederik-starr-dal-otsenku-integratsionnym-protsessam-v-tsentralnoj-azii/>

[3] Laumulin M.T. Central'naja Azija v jepohu transformacii [Central Asia in the Age of Transformation] / Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK, 2020. - 464 s.

[4] Dobaev I.P. Central'naja Azija v perekrest'e geopoliticheskikh naprjazhenij [Central Asia at the Crossroads of Geopolitical Tensions] // Rossiya i musul'manskij mir. - № 4 (330). – 2023. – S. 37- 49.

[5] Marinin S. Mnogogrannost' problem bezopasnosti v Central'noj Azii: prognoz na 2023 god [The Multifaceted Security Challenges in Central Asia: A Forecast for 2023] // <https://cabar.asia/ru/mnogogrannost-problem-bezopasnosti-v-tsentralnoj-azii-prognoz-na-2023-god/> / 31.01.2023.

[6] Prochnyj mir dolzhen osnovyvat'sja na konkretnyh dejstvijah [Lasting peace must be based on concrete actions]. Prezident Kasym-Zhomart Tokaev vystupil na inauguracionnom zasedanii Soveta mira // Kazhastanskaja pravda, 20 fevralja 2026 g. - S. 1.

[7] Konceptija vneshnej politiki Respubliki Kazahstan na 2020-2030 gody [Concept of Foreign Policy of the Republic of Kazakhstan for 2020-2030] Utverzhdena Ukazom Prezidenta RK 6 marta 2020 g.

[8] [https://data.consilium.europa.eu/doc/document/ST-14587-2023-INIT/en/pdf?utm\\_source=dsms-auto&utm\\_medium=email&utm\\_campaign=Joint+Communique%2c+of+the+19th+European+Union+Central+Asia+Ministerial+Meeting%2c+23+October+2023%2c+Luxembourg](https://data.consilium.europa.eu/doc/document/ST-14587-2023-INIT/en/pdf?utm_source=dsms-auto&utm_medium=email&utm_campaign=Joint+Communique%2c+of+the+19th+European+Union+Central+Asia+Ministerial+Meeting%2c+23+October+2023%2c+Luxembourg)

[9] <https://www.cipe.org/b51-final-communicue/B5+1>; [https://www.cipe.org/wp-content/uploads/2024/03/B51-Forum\\_Final-Communique\\_2024\\_RU.pdf](https://www.cipe.org/wp-content/uploads/2024/03/B51-Forum_Final-Communique_2024_RU.pdf) // Itogovoe kommjunike Forum “B 5 + 1”: Biznes-partnerstvo - procvetanie v Central'no-Aziatskom regione [Business partnerships - prosperity in the Central Asian region] Almaty, Respublika Kazahstan. – 2024. – 6 s.

[10] Makkinder H. Dzh. Geograficheskaja os' istorii [The geographical axis of history] / H. Dzh. Makkinder // Geograficheskij zhurnal. - 1904. - Tom 23, № 4. - 421-437 bb.

[11] Kak protesty v Kazahstane pererosli v tragediju. Krovavyj janvar' v Almaty glazami ochevidcev [How protests in Kazakhstan turned into tragedy. Bloody January in Almaty through the eyes of eyewitnesses] // <https://www.bbc.com/russian/topics/c6x9gz0xw5qt> // <https://www.bbc.com/russian/features-60070252>

[12] “Glavnyj beneficiar - Putin”: govorim s politologom o sobytijah v Kazahstane [“The Main Beneficiary Is Putin”: We Talk to a Political Scientist About Events in Kazakhstan] // <https://www.bbc.com/russian/features-59972256>

[13] D. Simeonidis. Regional'naja paradiplomatiya v Central'noj Azii: novye vozmozhnosti? [Regional Paradiplomacy in Central Asia: New Opportunities?] // <https://cabar.asia/ru/regionalnaya-paradiplomatiya-v-tsentralnoj-azii-novye-vozmozhnosti/> / 24.04.2023

[14] Richard Pomfret na platforme East Asia Forum; <https://acaes.us/asia-economics-blog/blogger/rpomfret/> / Connecting Eurasian Supply Chains: The Impact of Covid-19 and the Russia-Ukraine War on the EU-China Rail Landbridge. 02 December 2022. Richard Pomfret. ResearchCentral Asia.

[15] «Distancirovanie ot Rossii usilitsja». Chto zhdet Central'nuju Aziju v 2024 godu? [“Distance from Russia will increase.” What awaits Central Asia in 2024?] // <https://rus.azattyk.org/a/kazakhstan-media-review-what-awaits-central-asia/32753485.html> 30 dekabrja 2023 Kazahskaja sluzhba RSE/RS

[16] Kak vojna v Ukraine vlijaet na Central'nuju Aziju? Interv'ju s Raffajello Pantuchchi [How is the war in Ukraine affecting Central Asia? An interview with Raffaello Pantucci] / <https://cabar.asia/ru/kak-vojna-v-ukraine-vlijaet-na-tsentralnuyu-aziyu-intervyu-s-raffaello-pantuchchi/> 15.04.2022

[17] Kak konflikt Rossii i Ukrainy privel k rostu prodovol'stvennyh cen [How the Russia-Ukraine conflict led to rising food prices] // Zerno.ru. – 2023. –URL: <https://zerno.ru/node/18878> (data obrashhenija: 11.02.2023)

[18] Polunina N.Ju., Popova E.A., Zajceva E.A. Vzaimosvjazi mezhdu voennym konfliktom i prodovol'stvennoj bezopasnost'ju [The relationship between military conflict and food security] // Jekonomicheskie i social'nye problemy Rossii. - 2023. - № 2. - 15-30 ss.

[19] Tairov R. Chislo kompanij v Kazahstane s rossijskim kapitalom vyroslo za god na 70% [The number of companies in Kazakhstan with Russian capital has grown by 70% in a year] // <https://www.forbes.ru/biznes/495329-cislo-kompanij-v-kazahstane-s-rossijskim-kapitalom-vyroslo-za-god-na-70><https://www.forbes.ru/biznes/495329-cislo-kompanij-v-kazahstane-s-rossijskim-kapitalom-vyroslo-za-god-na-70> // 27/08/2023

## БЕЗОПАСНОСТЬ И СОТРУДНИЧЕСТВО В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ: ПОВЕСТКА ДЛЯ РЕГИОНА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Айтжанова Д.А.<sup>1</sup>, \*Дүйсен Ғ.М.<sup>2</sup>

<sup>1,\*2</sup> Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК,  
Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Авторами с учетом современных угроз и вызовов рассмотрены возможности обеспечения безопасности и сотрудничества стран Центральной Азии (ЦА). Представлена методологическая база исследования с указанием конкретных используемых методов анализа и оценки. Отмечена значимость региона в географическом, природно-ресурсном, транспортно-логистическом и др. измерениях. Каждый из значимых в мировом масштабе акторов имеет свои интересы к ЦА и вследствие этого осуществляет определенные действия, зачастую не сопрягаемые с программами развития каждой в отдельности страны и региона в целом. В связи с этим данная территория мирового хозяйства испытывает значительные негативные факторы и последствия складывающейся ситуации относительно региона и его интересов, также усугубляющейся экспортоориентированным типом развития нацэкономик, дефицитом финансовых ресурсов, недостаточным

уровнем развития институционализации, неотрегулированных вопросов вмешательства субъектов внешнего окружения, нерешенностью многих аспектов политического, экономического, социального, экологического и т.д. хозяйственного развития стран сообщества. В этих сложных условиях странам ЦА по-прежнему необходимо взвешенно проводить внешнеполитическую линию на принципах многовекторности и прагматизма как единственно правомерную и допустимую. По мнению авторов, исходя из вышеизложенного с учетом современных реалий миропорядка (точнее геополитического хаоса) субъектам данного территориального пространства правомерно сосредоточить свои ресурсы и потенциал на внутреннем развитии, укреплении своих экономик, решении приоритетных задач сотрудничества, прежде всего, кооперации - и все это на фоне обеспечения региональной безопасности.

**Ключевые слова:** регион, Центральная Азия (ЦА), безопасность, сотрудничество, угрозы и вызовы, подходы, трансформация

**Финансирование:** Статья подготовлена в рамках программы фундаментальных научных исследований Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (ИРН № BR31714763) «Казахстан и меняющиеся контуры Восточного мира: исторические вызовы и перспективы».

## SECURITY AND COOPERATION IN A TIME OF GLOBAL INSTABILITY: AGENDA FOR THE CENTRAL ASIA REGION

Aitzhanova D.A.<sup>1</sup>, \*Duisen G.M.<sup>2</sup>

<sup>1,\*2</sup> R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The authors examine the potential for ensuring security and cooperation among Central Asian (CA) countries, taking into account current threats and challenges. The study's methodological framework is presented, identifying the specific analytical and evaluation methods used. The region's significance in terms of geography, natural resources, transport and logistics, and other aspects is highlighted. Each of the globally significant actors has its own interests in CA and, as a result, undertakes specific actions that are often inconsistent with the development programs of each individual country and the region as a whole. In this regard, this territory of the global economy is experiencing significant negative factors and consequences of the developing situation in relation to the region and its interests, which is also aggravated by the export-oriented type of development of national economies, a shortage of financial resources, an insufficient level of institutionalization, unregulated issues of interference by external actors, and the unresolved nature of many aspects of the political, economic, social, environmental, etc. economic development of the countries of the community. In these challenging circumstances, Central Asian countries continue to need to carefully pursue a foreign policy based on multi-

vector and pragmatic principles as the only legitimate and acceptable approach. The authors believe that, based on the above, and taking into account the current realities of the global order (or rather, geopolitical chaos), the entities of this region should rightly focus their resources and potential on internal development, strengthening their economies, and addressing priority cooperation issues, especially collaboration – all while ensuring regional security.

**Keywords:** region, Central Asia (CA), security, cooperation, threats and challenges, approaches, transformation

**Funding:** This article was prepared within the framework of the Fundamental Research Program of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN No. BR31714763), “Kazakhstan and the Changing Contours of the Eastern World: Historical Challenges and Prospects.”

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 09.05.2026.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.*

***Авторлар туралы мәліметтер:***

Айтжанова Д.Ә. - бас ғылыми қызметкер, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Дүйсен Ғ.М. - бас директордың орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

***Сведения об авторах:***

Айтжанова Д.А. - главный научный сотрудник, кандидат экономических наук, доцент, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

Дүйсен Г.М. - заместитель генерального директора, доктор экономических наук, доцент, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

***Information about the authors:***

Aitzhanova D.A. - Chief Researcher, Candidate of Economic Sciences (PhD), Associate Professor, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Duisen G.M. - Deputy Director General, Doctor of Economics, Associate Professor, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan